

ТАҚЫРЫБЫ

Ежелгі Египет мәдениеті



- Ежелгі Египет мәдениетінің ең басты ерекшелігі – ажалға қарсылық болды. Бұл табиғи қарсылық, немесе мәңгілік өмір сүруге талпынушылық. Египет халқының бүкіл діни санасына тереңдей еніп, оның мәдениеті мен өнерін қалыптастыруда айрықша рөл атқарды.
- Ежелгі Египет мәдениеті – сан-салалы мәдениет. Солардың бірі – біздің заманымызға келіп жеткен Египеттің ең көне жазу текстері. Олар – құдайларға құлшылық ету мен шаруашылықты жүргізуге байланысты жазбалар.



- Көне Египет мәдениетінің тамаша туындыларының бірі-”Өмірден түңілген адамның өз жаныменсұхбаты” деп аталады.Өмірден қатты түңілген бұл адам өлімге бет бұрады.Бірақ оның жаны бұл әрекетке барынша қарсылық жасап,бұл өмірдің қызығы мен рахатын көруге кеңес беріп,оны өлімнен сақтандырады.



- Иероглифтер-көне Мысыр мәдениетінің ажырамас бөлігі болып табылады,себебі бұл өлкеде салынған қай ғимратты алсаң да,олар иероглифтерге бай болып келеді.

Египет жерінде
салынған ғибадат-
ханалардың
алдында сфинкстер
тұрғызылды



Ең алып сфинкс б.з.б үшінші мыңжылдықта салынған. Ол осы уақытқа дейін Хефрин пирамидасын күзетіп тұр. Бұл адам басынан 35 есе үлкен, ұзындығы 57 метрге жетеді

Египетте құдайлар өте көп болған, тіпті әрбір қаланың бірнеше құдайы болған. Ең алдымен күдіретті құдай, яғни құдайлардың құдайы – Күн құдайы “Ра” болды. Одан кейінгі орынға - өлім құдайы “Осирис” шықты. Осиристiң әрi әйелi , әрi қарындасы “Исида “ болды. “Маат” – шындық мен тәртіптің құдайына айналды.

Египетте өз дәуірінің талай ғұлама ақындары, суретшілері еңбек етті. Бұл “Әлемнің жеті кереметінің бірі”-болып саналады.

